

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша Жақулаев Адил Муратовичтің Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

Р/п №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның (аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Жақулаев Адил Муратовичтің «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы орындалған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (I. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт; II. Тарихи сананы жаңғырту. 21.11.2018 ж.);</p> <p>2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы);</p> <p>3) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (31.12.2019 ж.);</p> <p>4) ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	А.Жақулаевтың диссертациялық жұмысы әдебиеттану ғылымының дамуына айтарлықтай елеулі үлес қосады, оның маңызы диссертациялық жұмыс мазмұнындағы ғылыми тұжырымдарында нақты айқындалған және тың зерттеу нәтижелерімен дәйектелген.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стильді жетік меңгерген, зерттеушілік сыни пікірі қалыптасқан, ғылыми тілі жатық. А.Жақулаев өзінің жеке ғылыми пайымдауларын бере отырып, жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынып, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдеген. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – диссертация мазмұнында нақты мысалдармен талданып, толықтай зерделенген және жарияланған жұмыстарының нәтижесі болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p>	Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында ұсынылған теориялық және практикалық нәтижелер өзара байланыста болуымен, ғылыми

	<p>2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>зерттеудің тәжірибелік кезеңдерінің сабақтастығымен, жүйелілігімен, зерттеу әдістерін тиімді қолдануымен, ғылыми аппараттың ауқымдылығымен, тиянақты жазылуымен анықталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста дискурста, оның ішінде көркем дискурс пен тарихи дискурста қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық концепциялары отырып, зерттеушілер көзқарастарындағы қайшылықтар мен ортақ тұжырымдар айқындалып, сарапталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста дискурс пен мәтіннің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, дискурсты түсіндірудің түрлерін, дискурстың лингвистикалық және әдеби мәнін, көркем дискурс табиғаты мен тарихи дискурс ерекшеліктерін талдап, зерделеген. Тарихи дискурстың классификациясы жасалған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияны оқып, талдау барысында диссертация тақырыбы зерттеу мазмұнында жан-жақты ашылғаны аңғарылады. Жұмыстың мазмұны қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты жүйелі түрде қарастыруда ішкі тұтастықты сақтайды. Зерттеу тақырыбының теориялық мәселелерін қамтитын алғашқы тарауда дискурс, көркем дискурс, тарихи дискурста қатысты тұжырымдар ғылыми негізде жасалып, зерттеушілердің еңбектеріне сыни баға беріледі. Тарихи дискурстың негізгі критерийлері анықталып, көркем шығармадағы нысаны айқындалған. Екінші тарауда қазіргі қазақ прозасындағы тарихи шығармалардың дискурсивті кеністігі қарастырылып, тарихи тұлға төңірегіндегі дискурстардың көркем шығармада интерпретациялануының негіздері, тарихи деректің әдеби шығармада берілу ерекшеліктері зерттеу өзегіне айналған. Көркем мәтінді оқырманның қабылдау деңгейіне қатысты эксперименттік зерттеулер, тарихи дискурсты оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер үшінші тарауда жан-жақты талданған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысында диссертант дискурстың ерекшеліктерін назарға ала отырып, оның көркем дискурс және тарихи дискурс түрлеріне тоқталып, қазіргі қазақ прозасында тарихи деректердің интерпретациялануын, автор-көркем мәтін-оқырман байланысын, көркем шығарманың дискурстық аспектілерін зерттеуді мақсат етеді және осы мақсаттарды орындауда алдына қойған міндеттері диссертация тақырыбына нақты сәйкес келеді. Сәйкестік зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың үш бөлімі, жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан бір-бірімен жүйелі түрде толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың</p>

	<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағазаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сипаттамаларына негізделген</p>	<p>ғылыми теориялық және тәжірибелік зерттеу нәтижелері жасалған тұжырымдардың тұтастығымен және зерттеудің нәтижесі қорытындыларының бірлігімен сипатталады.</p> <p>Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың ерекшеліктері, тарихи деректердің көркем шығармада берілу жолдарын қарастырып, бірнеше жазушылардың романдары мен повестерін, әңгімелерін теориялық тұрғыдан зерттеп, зерделең, сараптап талдауы зерттеудің отырған мәселедегі диссертанттың жеке еңбегі деп бағалауға әбден болады. Бұл диссертант көзқарасының сонны ғылыми-ақпараттық бағдарға сәйкес екенін көрсетеді. Тарихи шығарманы оқытуда ұсынған дискурстық тәсілдер теориялық зерттеулер нәтижелерін іс-жүзінде қолданудың нақты көрсеткіштері.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағазаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағазаттар толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар көркем шығарманы, оның ішінде қазіргі қазақ прозасындағы тарихи шығармаларды тарихи дискурс тұрғысынан талдау әдістерін оқу үдерісіне енгізудің тиімділігі туралы тұжырымдамалары мен ұсынылған әдістері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі деп бағалауға лайық. Зерттеу барысында диссертант келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізген: 1) қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың өзіндік ерекшеліктері айқындалып, оның мәні мен маңызы көрсетілген; 2) тарихи дискурс типологиясының классификациясы жасалған; 3) «реавторменникция» ұғымын қолдану ұсынылған; 4) қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурсты оқыту бойынша эксперимент жүргізіліп, әдебиеттегі тарихи дискурсты оқытудың маңыздылығы дәлелденген.</p> <p>А.М.Жақұлаевтың диссертациялық жұмысындағы ғылыми пайымдаулары мен қорытындылары толығымен жаңа. Жұмыс мазмұнының айқындығы, қолданылған зерттеу әдістерінің тиімділігі, тарихи шығарманы оқытуда қолданылған әдіс-тәсілдері, сипаттық көрсеткіштердің дәлдігі толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының жүргізілуі ғылыми-әдістемелік, педагогикалық, психологиялық еңбектерді зерделең, талдау жасау арқылы негізделген. Диссертант зерттеушілік жеке ойын теориялық тұрғыдан қорытып, тұжырымдай алған және ол концепциялардың ғылыми негізі бар.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылған техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>	

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және опертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. А.М.Жакулаев дискурстың әдебиеттегі ерекшеліктерін сөз етпес бұрын мәтін мен дискурстың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына тоқталып, аражігін аша отырып, қазіргі кезеңдегі дискурстың түрлеріне, оны түсіндірудің тәсілдеріне жанаша баға береді. Тарихи шығармалардың дискурсивті кеңістігін айқындап, тарихи сананы жаңғыртып, тарихи жақты қалыптастыруда тарихи дискурстың маңыздылығын ғылыми тұрғыдан дәйектеген. Тарихи дискурс кеңістігі тек тарихи деректермен ғана шектелмей, басқа да суб-дискурстардың көркем шығармада кездесетіндігі анықталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі кагидаттар	Әр кагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қагидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	А.М.Жакулаевтың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған келесідей негізгі кагидалар дәлелденген: 1. Дискурс – қоғамдық, әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас (ым-ишара, сөйлеу әдебі (этикасы), жеке индивидтің немесе адресат пен адресанттың көзқарасы мен дүниетанымы т.б.) құралы. 2. Әдеби-көркем дискурс көркем шығармада суб-дискурстарсыз (авторлық, поэтикалық, нарраторлық, кейіпкерлік, оқырмандық) көріне алмайды, барлығы әдеби-көркем дискурсқа қызмет етеді; - әдеби-көркем дискурс белгілі бір деңгейде оқырман санасына әсер етіп, оны өзгерте алады. 3. Тарихи дискурс – тарихи оқиғалардың мәнін, тарихи дәуірдің рухани шындығын тануға мүмкіндік беретін эстетикалық құбылыс. 4. Тарихи дискурс – тарих, философия, эстетика, филология сынды т.б. гуманитарлық ғылымдарды біріктіретін пәнаралық категория. 5. Тарихи дискурс – тарихи жағдайлар, оқиғалар, тарихи тұлғаларға қатысты ақпараттарды, тарихи көркем мәтінді қабылдау мен түсіну. 6. Тарихи-көркем дискурс автордың тарихи деректі көркем мәтінде интерпретациялауымен, кейіпкерлердің сөйлеу процесстерін (диалог, монолог т.б.) және көркемдік коммуникация реципиенттерін бағалаумен ерекшеленеді. 7. «Автореминисценция» көркем шығарма мәтнінде қаламгердің өз шығармасына сілтеме жасайтыны болса, «реавтореминисценция» жазушының жазып отырған шығармасының өзіне сілтеме жасауы. 8. Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты озық педагогикалық технологиялар арқылы меңгерту білім алушылардың тарихи жақтың қалыптастырып, көркем мәтіндерді әдеби-теориялық тұрғыдан кәсіби

			<p>түрде талдап, өзіндік сыни көзқарасын білдіре алады және коммуникативті қарым-қатынастар жасай білудегі барлық бейімділігін көрсетеді</p> <p>9. «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» элективті курсының оқу-әдістемелік кешені мен бағдарламасы ұсынылған.</p>
		<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	Тривиалды емес
		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	Жаңа
		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p>	Қолдану деңгейі кең
		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған тұжырымдамалар келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>ҚР ҒЖБМ БҒСҚК базасында:</p> <p>1) Literary searches of Kazakh dramaturgy in totalitarian system // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №2 (102) 2021. - P.6-13. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online).</p> <p>2) Features of literary and historical discourse // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №1 (105) 2022. - P.124-130 (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online).</p> <p>3) Historical discourse and allusion // Bulletin of the Eurasian humanities institute, Philology Series. - №4, 2022. - P. 134-146. (ISSN 1999-4214).</p> <p>4) Historical discourse in M. Magauin's «Kipchak Beaute» // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №1 (109) 2023. - P.109-116. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online).</p> <p>5) I.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Ағыбай батыр образы // ҚарУ Хабаршысы, Филология сериясы. - №2 (110) 2023. - Б.114-124. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online).</p> <p>6) Narrative and historical discourse // M.O. Auezov institute of Literature and Art Herald, «KERUEN» scientific journal. - №1 (78) 2023. - Б.112-122. (ISSN: 2078-8134).</p> <p>Халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, шетелдік басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі:</p> <p>1) Асқар Алтайдың «Түсік» әңгімесіндегі көркем дискурс // Қазіргі білім</p>

			<p>беру кеңестігінде тіл мен әдебиет мәселелері: трансформация және даму тенденциялары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. – Ташкент, 2023. - Б. 102-105.</p> <p>2) Әдебиеттегі тарихи дискурс категориясы // Ғылым және білім – қазіргі жағдайдағы қоғам дамуының маңызды факторы: X халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. – Қарағанды, 2023. - Б. 235-240 (ISBN 978-601-7493-82-0).</p> <p>3) Сұлтан Бейбарыс: дискурс және тарихи сана (Д.Рамазановтың «Ажал келген күн» әңгімесі негізінде) // Египет тарихындағы Сұлтан Бейбарыстың алатын орны мен ролі: халықаралық конференция жинағы. – Алматы, 2023. - Б. 74-79 (ISBN 978-601-269-479-6).</p> <p>4) Тарихи тұлға дискурсы: қазақ, түрік, қырғыз әдебиетіндегі Шығысхан бейнесі // Заманауи әлемдегі ғылым мен білім: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Қарағанды, 2024. - Б.368-373.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында тарихи дискурстың ерекшеліктерін анықтап, көркем шығарманы дискурстық тұрғыдан талдау үшін салыстырмалы-тарихи, кешенді сараптау, сипаттама, жүйелі талдау, жинақтау, герменевтикалық әдістері қолданылған және озық педагогикалық әдістерді жинақтап қорыту, эксперимент жүргізу, сауалнамалық тест алу, эксперимент нәтижелерін өңдеу мен қорытындылау сынды жұмыстар атқарылып, деректерді талдауда Jamovi компьютерлік бағдарламасы пайдаланылған. Бұл А.Жахудаевтың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық ақпарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделгенін көрсетеді.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің кен түрде пайдаланылған. Диссертант «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» атты элективті курсы жүргізуде оқытушының уақытты басқара алу дағдысын қалыптастыру, білім алушылардың да шифрлық технологияларға икемділігін арттыру мақсатында оқыту, талдау, эксперимент жүргізуде (слайд-презентация жасауда: Emaze, Prezi, Canva, Google Slides т.б.; квіз-тест құрастыруда: Kahoot, Quizizz, ZipGrade, Wooclar, Google Forms т.б.; сабақ материалдарына байланысты фото-видео монтаждауда: CapCut, Inshot, Bandicam, Videoleap т.б.; қашықтықтан байланыс орнатуда: ZOOM, Skype, Google classroom, Microsoft Teams т.б. және де онлайн тақталар (Padlet, Classroomscreen)</p>

			шифрлық платформаларды қолдануды ұсынады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда тұжырымдалған маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді дереккөздерден алынған ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертант жұмысты жазу барысында жинақталған ғылыми және теориялық зерттеулердің негізінде жоғары оқу орнында білім алушыларға болашақ маман ретінде көркем шығарманы дискурстық тұрғыдан оқытуды үйрету болғандықтан, түрлі педагогикалық еңбектер мен мемлекеттік білім беру стандарттарына сүйене отырып, заманауи озық педагогикалық әдіс-тәсілдер арқылы көркем шығарманы тарихи дискурсты талдаудың жолдарын практикалық тұрғыда қолдану үшін әдістемелік жұмыстар жүргізген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінің тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Диссертанттың зерттеу жұмысының өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі қазақ әдебиетін, тәуелсіздік жылдардағы қазақ прозасын, тарихи шығармалар поэтикасын, дискурстық теориялардың әдебиеттегі көрінісін, тарихи дискурс категориясын, дискурсты оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттеуде дереккөз бола алады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Теориялық әдебиеттану», «Шығармашылық шеберханасы», «Поэтика және эстетика» сынды арнайы курстар мен семинар сабақтарын жүргізуде қосымша материал ретінде қолдана алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Көркем шығарманы тарихи дискурстық тұрғыдан талдауда осы мәселені зерттеген Р.Барт, М.Фуко, А.В.Лубский, А.П.Миньяр-Белоручева, Дж.Суэйлз, А.М.Лобин және т.б. ғалымдардың концепцияларын басшылыққа алуы және өзіндік үлгісін ұсынуы, сондай-ақ «реавтореминисценция» терминін ғылыми негізде дәйектеуі, оқырманның көркем мәтінді қабылдау шкаласын ұсынуы, компьютерлік бағдарламалардың көмегімен эксперименттік зерттеу жұмыстарын

			жүргізуі диссертациялық жұмыстың толғымен жана екенін айқындайды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған және ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сәйкес жүйелі берілген. А.М. Жақұлаевтың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жана, өзекті, ғылыми негізделген және әрбір бөлім бір-бірімен логикалық тұрғыдан өзара байланысқан, толық аяқталған зерттеу еңбек.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

Жақұлаев Адил Муратовичтің «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациясы 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін және Комитетке Жақұлаев Адил Муратовичке философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы



М.С.Оразбек

